

**Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы N 11/127-II шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 12/163-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2009 жылы 14 қаңтарда N 2002 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 11 бабы 1 тармағына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы N 11/127-II шешіміне ( Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 326 нөмірмен тіркелген, 2001 жылғы 2 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 27 наурыздағы N 5/79-IV " Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1976 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 17 сәуірде N 58 "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған шешімімен өзгеріс енгізілген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы:

"Арыс қаласы бойынша" бөлімі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы:

"Арыс қаласы үшін" бөлімі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Түркістан қаласы үшін" орыс тіліндегі бөлімінің тақырыбына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі тақырып өзгертілмейді.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Н.Құрманбеков*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Ә.Досболов*

Оңтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2008 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 12/163 - IV шешіміне  
1 қосымша

Арыс қаласы бойынша:

N 1-аймақ: Орталық базар маңында, Салықбаев, Майлықожа, Қазыбек би көшелерінде орналасқан жер учаскелері;

N 2-аймақ: Төлеби, Салықбаев, Қазыбек би, Әділбек би, Тәжібаев көшелерінде және Қабылсай жырасына дейін орналасқан жер учаскелері;

N 3-аймақ: Ахымбеков, Әл-Фараби көшелеріндегі және С.Қожанов атындағы орта мектептің маңында және қалаға кіре берістегі жолдағы жер учаскелері;

N 4-аймақ: Стадион, ШПЗ, Почтовый, Ледзавод, Мехколонна мөлтек аудандарында және балалар үйі маңында орналасқан жер учаскелері;

N 5-аймақ: "Арыс-Шымкент" бағытындағы темір жолдан Әл-Фараби көшесімен Қабылсай жырасына дейін және Тәжібаев, Төлеби көшелерімен "Арыс-Ташкент" бағытындағы темір жолға дейінгі жер учаскелері;

N 6-аймақ: Самал мөлтек ауданында, ПМС, "Арыс-Шымкент" автокөлік трассасы, саяжай учаскелері маңында орналасқан, Арыс өзені бойымен Ордабасы ауданының Бөржар ауылдық округінің шекарасына дейінгі жер учаскелері;

N 7-аймақ: Қалаға жақын орналасқан және Көктем мөлтек ауданымен, әскери бөлімімен, "Сараптау-аграрлық компаниясы" ЖШС-нің жерлерімен, Көктем-2 мөлтек ауданымен, "Арыс-Шымкент" темір жолының бойындағы жерлермен, әскери бөлімімен, Наурыз мөлтек ауданымен, Задария ауылдық округінің жерлерімен, теміржол көпіріне дейінгі жерлермен, "Шымкент-Шардара" айналма трассасымен, "Арыс-Шардара" автокөлік трассасымен, Отырар мөлтек ауданымен, "Арыс-Шардара" автокөлік трассасымен, Задария мемлекеттік (ботаникалық) қаумалымен, "Клиника-Ақниет" ЖШС-нің жерлерімен, Талдықұдық мөлтек ауданымен, "Арыс-Монтайтас" автокөлік трассасымен, "Ташкент-Арыс" темір жолы бойындағы жерлермен, "Умай-Маркет" ЖШС, "Комбинат-Заря" мемлекеттік кәсіпорнының жерлерімен, Оңтүстік, Стадион мөлтек аудандарымен, "Арыс-Ташкент" темір жолымен, Ордабасы ауданының Бөржар ауылдық округінің жерлерімен, қалалық зиратпен, Қабылсай жырасымен, мал базарымен және К.Омаров көшесімен шектесетін жер учаскелері.

Оңтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2008 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 12/163 - IV шешіміне  
2 қосымша

Арыс қаласы үшін:

Аймақтың нөмірлері	Аймақтардың түзету коэффициенттері
1	2
2	1,7
3	1,5
4	1,2
5	1,0
6	0,7
7	0,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ